



**Орта-лық ашылды**

**2 бет**

**Кітапханашылар күні**

**3 бет**

**Үстемді туралы ой**

**4 бет**

АБАЙ UNIVERSITY №09-10 (244-245) Қазан октябрь 2024  
2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

**ҚҰТТЫҚТАУ**

## ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР! ҚЫМБАТТЫ ӨРІПТЕСТЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Республика күні - Тәуелсіз Қазақстан халқының рухын көтеріп, елдігімізді нығайтып, бірлігіміз бен ынтымағымызды насихаттайтын маңызды мемлекеттік мерекелердің бірі. Егемендігіміздің нышаны, мазмұны терең, мағынаға толы бұл бастама халық арасында кең қолдау тауып, ұлттық дәстүрімізге негізделген қоғам бірлігінің көрінісіне айналды.

Тәуелсіздік - халқымыздың ең үлкен байлығы, біз оны сақтауға және қорғауға міндеттіміз. Әрбір қазақ азаматы өз Отанын шексіз сүйе, оның рухани және ұлттық құндылықтарын қастерлеуге тиіс.

Дана халқымыз қашанда ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағының кепілі деп түсінген. Ел болашағы білімді, жігерлі жастардың қолында екені сөзсіз. Ал, аға буын және біз - білім саласының өкілдері оларға қажетті білім мен лайықты тәрбие беруіміз керек. Өйткені, өскелең ұрпақтың келешегі еліміздің болашағын қалыптастыратын ұстаздарға байланысты. Отанды сүю және оған қызмет ету - біздің ортақ және қасиетті парызымыз.

Республика күні құтты болсын! Баршаңызға шын жүректен зор денсаулық, бақ-береке, қызметте және оқуда жаңа жетістіктер, бастамаларыңызға табыс тілеймін! Университетіміз дамып, халықтың бірлігі мен Қазақстанның егемендігі нығая берсін!

Құрметпен,  
ректор Болат Тілеп



## АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

24 қазанда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 25 қазан - Республика күніне арналған салтанатты мерекелік іс-шара өтті. Айтулы мерекенің жоғары деңгейде, кең көлемде өтуіне университеттің Әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департаменті атсалысты.

Салтанатты іс-шарада Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы - ректор Болат Тілеп профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды еліміздің рухын асқақтатқан, ынтымақ-бірлігімізді арттырған айшықты мерекемен құттықтады. «Бұл күн - мемлекетімізді қайта жаңғырған күн. Себебі, 2022 жылдан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «ұлттық мереке» мәртебесі қайтарылып, 25 қазан - Республика күні Қазақстанның басты мейрамы деп белгіленді. Бүгінде бұл мерекені ел болып, екінші жыл жаңа мазмұнда атап өтіп жатырмыз. Бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін нағыз тарихи күн», - деді ректор.

Іс-шара барысында ректор бір топ ғалымдарды, білім беру саласында кәсіби біліктілік танытқан оқытушыларды, оқу ордасының дамуына елеулі үлес қосқан университет қызметкерін мемлекеттік награда және алғыс хаттармен марапаттады.

Салтанатты іс-шараға жиналған университет басшылығы мен ұстаздар қауымы және белсенді студенттер тәуелсіздігіміздің символы болған көк Туымызды көтеріп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын шырқады.

Айта кетейік, «Ұстаздар ұстаханасы» атанған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларында мемлекеттік Әнұран бір уақытта шырқалып, тәуелсіздіктің алғашқы қадамы болған Республика күні ұлықталды.

Мерекелік шара соңында Абай университетінің өнерлі жастарынан құралған «А-Blue» вокалды-аспаптық тобы патриоттық жанрдағы әндер орындап, барша қазақстандықтарды Республика күнімен құттықтады. Бұл тамаша музыкалық туындылар залдағы көрермендердің жүрегін бірлік пен Отанға деген сүйіспеншілік рухына бөледі.

Әлеуметтік даму және жастар саясаты жөніндегі департаменті

**БАС МАҚАЛА**

## МҰҒАЛІМ САПАСЫН АРТТЫРАТЫН МҮМКІНДІК



**Болат ТІЛЕП,**  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің басқарма төрағасы-ректор

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты биылғы халыққа Жолдауында: «Ұстаздар - ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Өйткені үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек», деп атап өткен болатын.

Бұл - естіген құлаққа ақыл, санаға ой салатын үлкен мәселе. Осы орайда жоғары мектеп қарашаңырағы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті тәжірибесінен көрген, профессор-оқытушылар ұжымының күнделікті көтеріп, ғалымдарының әртүрлі ғылыми мінберден айтып жүрген біршама мәселелерін ортаға салуды жөн санадық.

Бірінші мәселе. Жаңа формация педагогтерін қалыптастыру - оқыту бағдарламаларын даярлаудан емес, ең алдымен «озық ойлы мұғалім болам» деген баланы қабылдаудан басталады.

Қазір жүрегінің қалауымен келіп, педагог мамандығын таңдап жатқан жастар көп. Әсіресе осы 2024-2025 оқу жылы Абай университетіне келіп түскен 2800 болашақ педагогтің 900-ден астамы немесе 30%-ы - «алтын белгі» мен үздік аттестат иелері. Бұл - шын мәнінде рекордтық көрсеткіш, мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлау ісінде қол жеткен нақты нәтиже.

Атап айтқанда, кейінгі 3 жылда дарынды, жоғары ынталы талапкерлерді тарту мақсатында Абай университеті Алматы қаласының 31 мектебінде 42 педагогикалық сынып ашып, жалпы саны 588 оқушыны қамтыды. Бұдан бөлек, 29 мектепте біздің университеттің кафедра филиалдары ашылып, кәсіби бағдарлау бойынша тиянақты жұмыс жүргізілді. Осы тұста «Кәсіби бағдар беру» бағдарламасын магистрлік деңгейде енгізуді жоспарлап отырмыз.

**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

## АБАЙЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



24 қазанда Республика күніне орай Астана қаласында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жоғары білім және ғылым саласының өкілдеріне отандық ғылымды дамытудағы үздік жетістіктері және белсенді қоғамдық қызметі үшін арнайы марапаттар табыс етті.

Іс-шара барысында Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары да бірқатар марапаттарға ие болды. Абай университеті химия кафедрасының профессоры Несіпхан Бектеновке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілсе, тарих ғылымдарының докторы, доцент Светлана Смағұлова «Құрмет» орденінің иегері атанды. Ал, университеттің стратегия және интернационал-дандыру жөніндегі проректоры Айгүл Исмакова және профессор, техника ғылымдарының докторы, академик Марат Құлбек «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Саналы ғұмырын білім саласының дамуына арнап, ғылымға өлшеусіз үлес қосқан, шәкірт тәрбиелеп, құрметке бөленген әріптестерімізді лайықты марапаттарымен шын жүректен құттықтаймыз!

Баспасөз қызметі

## СТУДЕНТТІК РЕКТОРАТҚА САЙЛАУ НАУҚАНЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ Әлеуметтік және жастар саясаты жөніндегі департаменті Жастар ісі бөлімінің ұйымдастыруымен «Студенттік ректоратқа» сайлау науқаны өтті.



Сайлауға университеттің 7 факультеті мен 1 институтынан жалпы саны 35 үміткер қатысып, ең белсенді 23 студент Студенттік ректорат мүшелігіне сайланды.

Нәтижесінде Студенттік ректораттың мүшелігіне Филология факультетінен: Мадияр Хайрулмәжитов, Елдар Шабденов, Дина Жұман; Жаратылыстану және география факультетінен: Жандос Әділхан, Айгерім Ержан, Хушноз Нарзуллаева; Тарих және құқық факультетінен: Нұрайлым Нұржан, Мерей Олжабай; Педагогика және психология факультетінен: Ниязхан Темірханұлы, Көркем Бекмұхамбет, Нұрсауле Маулен; Математика, физика және информатика факультетінен: Нұрдана Қуантай, Альбина Тұрсынбек, Ізбасар Измахан; Өнер факультетінен: Нұрайым Ерболатқызы, Бекзат Әбдірәсіл, Перизат Жанкелдіқызы; Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінен: Ердәулет Джанабилов, Асылзада Абишова, Мирас Айтуар; Сорбонна-Қазақстан институтынан: Эльнура Беделбай, Мәлдір Қадылбек, Ақбота Жұбатханова сайланды.

Сайлау нәтижесінде бір жылға сайланған ұйым мүшелері студенттердің қызығушылықтары мен оларды толғандырған мәселелер және шешімдері төңірегіндегі жұмыстармен айналысатын болады.

Өз тілшімізден

АЛТЫН КӨПІР

## САМАРҚАНДА

## АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Іс-шараның мақсаты - Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдениетаралық байланысты нығайту. Бүгін Өзбекстанда Ш.Рашидов атындағы Самарқан мемлекеттік университетінің базасында Абай университетінің Абай атындағы ғылыми-мәдени орталығы мен қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің салтанатты ашылуы өтті, - деп хабарлайды turkistan.today.



Іс-шараның мақсаты - Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдениетаралық байланысты нығайту, ұлы ақын Абайдың әдеби мұрасын насихаттау, жастардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыру. Орталық көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыруға және екі университет студенттері арасындағы рухани байланысты нығайтуға да өз үлесін қоспақ. Салтанатты іс-шараға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Өзбекстанның Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігінің өкілдері, Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Бейбіт Атамқұлов, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Болат Тілеп, Самарқан мемлекеттік университетінің ректоры Рустам Халмуратов қатысты.

Болат Тілеп өз сөзінде екі ел арасындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. «Абай атындағы ғылыми-мәдени орталық пен қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің ашылуы - екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту, білім мен мәдениет саласындағы байланыстарды дамыту жолындағы маңызды қадам. Бұл Абай университетінің әлем бойынша құрған жетінші Абай орталығы. Самарқан төрінде бой көтерген орталық тек білім мен тәжірибе алмасу алаңына айналып қана қоймай, түркі тілдес халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністік қарым-қатынасты дамытуға қызмет ететініне сенімдімін», - деді ректор.

Салтанатты іс-шара аясында Абай университеті өкілдерінің Самарқан мемлекеттік университетінің ректоры Рустам Халмуратов пен филология факультетінің профессор-оқытушылар құрамымен кездесуі өтті. Кездесу барысында екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың маңыздылығы атап өтілді. Айта кету керек, Абай атындағы ҚазҰПУ базасында биыл Әлішер Науаи атындағы Тіл және әдебиет орталығы ашылып, ол түркі тілдес халқының ұлы ақыны Әлішер Науаидың шығармашылығын зерттеу және насихаттау алаңына айналды. Бүгінде Қазақстанның жетекші педагогикалық университетінде Өзбекстаннан келген 148 студент білім алуда.

Бұл айтулы оқиға мәдениетаралық диалогтың маңыздылығын көрсетіп, білім беру және мәдени бастамаларды дамытуға, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстанның жетекші жоғары оқу орындарындағы ғылыми әлеуетті нығайтуға жаңа серпін беретіні анық.

Баспасөз қызметі

БАС ҚОСҮ

QS Higher EDUCATION:  
ASIA PACIFIC 2024 PRE-CAMMITI

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары білім беру мәселелеріне арналған QS Higher Education: Asia Pacific 2024 пре-саммиті өтті. QS Азия-Тынық мұхиты саммитінің 20 жылдығына арналған халықаралық іс-шара жетекші сарапшылар мен академиялық қоғамдастық өкілдерінің басын қосты.

Пре-саммитке Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы - ректор Жансейіт Түймебаев, Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы - ректор Болат Тілеп, сондай-ақ Қытай, Жапония, Малайзия, Индонезия және Үндістанды қоса алғанда 150 елден 350 жоғары оқу орнының басшылары қатысты.

Іс-шара барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек отандық университеттердің жоғары білім мен ғылым саласын дамыту бағытында жүргізіп жатқан жұмыстары туралы баяндама жасады. Министр QS әлемдік рейтингіне қазақстандық 21 жоғары оқу орны қатысатынын және жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отырғанын атап өтті.

QS Quacquarelli Symonds сараптама агенттігінің коммерциялық бас директоры Джейсон Ньюман өз кезегінде мұндай іс-шараны Қазақстанның жетекші университеттерінің бірінде өткізудің маңыздылығына тоқталып, оның өңірлік және әлемдік білім беру кеңістігін дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Пленарлық отырыс «Білім беру саласына жаһандық мақсаттарды интеграциялау», «Жаһандық байланыстар», «Навигациялық технологиялар: жасанды интеллект және жаңа технологиялар саласындағы үздік тәжірибелер» тақырыбына арналған секциялармен жалғасты. Қатысушылар білім беру үрдістерін дамытудың озық тәсілдерін талқылай отырып, белсенді түрде пікірлерімен бөлісіп, тәжірибе алмасты.

Іс-шара соңында QS Quacquarelli Symonds жаһандық үкіметіндегі аймақтық директор Сергей Христоролюбов сөз сөйлеп, QS World University Rankings 2025 рейтингінде жоғары орын алған бірқатар қазақстандық университетті марапаттап, арнайы сертификаттар табыстады.

Қазақстандағы педагогикалық білім берудің флагманы - Абай университеті Орталық Азиядағы жоғары оқу орындарының арасында тұрақты түрде жетекші орынды иеленіп келеді. QS World University Rankings 2025 рейтингінде Абай университеті әлемдегі 671-680 үздік университеттер қатарына кіріп, Қазақстан жоғары оқу орындарының үздік бестігіне енді. Аймақтық QS WUR Asia рейтингінде университет Азиядағы ең үздік топ-150 университеттің қатарына еніп, 146-шы орында тұр.

Жетекші университеттерінің бірінде өткізудің

Өз тілшімізден

ТҰЛҒАТАНУ

Жаңалық ауылындағы Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш маңынан Абай атындағы педагогикалық университет пен Алматы медициналық ұлттық университетінің негізін қалаушы және тұңғыш ректоры болған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, дәрігер, ұлағатты ұстаз, дарынды ғалым Санжар Асфендиярұлының туғанына 135 жыл толуына орай мемориалды тақта орнатылды. Іс-шараға қатысушы медицина саласының майталмандары мен университет ұстаздары ең алдымен монументке гүл шоқтарын қойып, жазықсыз құрбандардың рухына бас иіп, құран бағышталды.

Ірі тұлғаның құрметіне қойылған мемориал - табиғи тастан жасалған және оған Асфендиярұлының фотосуреті, қазақтың ұлы ақыны Абайдың дәйексөзі, сондай-ақ QR-код бейнеленген. Кодты

жатыр екен. М.Әуезов атындағы академиялық драма театр актерлерінің қатысуымен сахналық қойылым әзірленген. Енді міне, ұлы тұлғаға арнап ескерткіш-тақта орнатылды. Сөз арасында Марат Едігеулы Санжар Асфендиярұлы тек қана дәрігер, ұстаз емес, үлкен тарихшы болғанын да қосты.

Ескерткіш белгінің ашылуында Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің меңгерушісі Мейіржан Мұсабаев: «Бұл жер - күллі қазақ халқының қаралы тарихының мекені. Мұнда 4119 адамның сүйегі жасырын жатыр. 1989 жылы құрылыс қарқын алып, әр жер қазылған сайын адамның бас сүйектері шығып, барлығының шүйдесінде оқтың ізі болғаны анықталды. Содан кейін ішкі істер органдары саяси-қуғын сүргін құрбандары көмілген қорым екенін мойындап, 1989 жылы репрессия құрбандарының ұрпақтарынан

құралған «Әділет» ұйымы құрылып, осы 15 гектар жерді сақтап қалған. Оның 2 гектарына 2002 жылы осы монумент орнатылды. 2018 жылы құрбандардың еңбектерін келер ұрпаққа жеткізіп отыру мақсатында Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі ашылды. Құрбандардың нақты қай жерде жатқандары белгісіз, яғни осы ауылдың маңайы түгел құрбандар жерленген жер болғандықтан, рухына құран бағыштау мақсатында 2021 жылы ауыл азаматтарының бастамасымен мешіт салынып, оған «Алаш арыстары» деген атау беріліп, әр жұма намаз сайын Алаш қайраткерлеріне жеке құран-хатым түсіріліп отырады. Бүгінгі мемориал-тақта біртуар ғалым Санжар Асфендиярұлының сүйегі осы қасиетті жерде жатқанының белгісін білдіреді», - деген музей меңгерушісі ел мен жер үшін күрескен тұлғаларды дәріптеп,

## САНЖАР АСФЕНДИЯРОВҚА МЕМОРИАЛДЫ ТАҚТА ҚОЙЫЛДЫ

сканерлей отырып, Санжар Жапарұлы туралы мұрағаттық құжаттармен, фотосуреттермен және кітаптармен танысуға болады. Санжар Асфендиярұлы 1938 жылы кеңес өкіметі тұсында жазықсыз ату жазасына кесілді. Жаңалық ауылында, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейдің аумағында жерленген. Жиналғандар Санжар Асфендиярұлының ғылым мен медицинаға қосқан үлесі туралы ой толғады.

Салтанатты іс-шара барысында ҚазҰМУ ректоры Марат Шоранов С.Асфендиярұлының көпқырлы тұлғасын және оның денсаулық сақтау саласындағы баға жетпес рөлін атап өтті.

«Тарихшылар бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және ҚазҰМУ негізін қалаушы Санжар Асфендиярұлы сияқты қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерімен қатар, мыңдаған жазықсыз адам жерленген деп мәлімдейді. Санжар Жапарұлының ғылым, медицина мен жоғары білімнің дамуына қосқан үлесі Қазақстан тарихының ажырамас бөлігі болып қала бермек. Мемориалдың ашылуы біздің университет үшін ғана емес, оның есімін мақтанышпен атап жүру үшін де маңызды. Санжар Асфендиярұлының есімі мемлекеттілігіміздің негізін қалаушылардың бірі, медицина мен білім берудің дамуына баға жетпес үлес қосқан ұлы ғалым ретінде өшпейді», - деп атап өтті Марат Шоранов.

Жыл басынан бері тұлға еңбегіне арналған бірқатар ғылыми конференция ұйымдастырылды. Осы жазда медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде Шымбұлақтың жоғары жағындағы 3600 метр биіктіктегі «Медик» шыңына Іле-Алатау ұлттық паркінің келісімімен Асфендиярұлы атынан орындар орнатылыпты. Өткен аптадан бері Асфендиярұлы апталығы жүріп



құрмет көрсету - ұрпаққа парыз екенін айрықша атады.

«Санжар Жапарұлы - шын мәнінде тарих қойнауында, идеологияның көлеңкесінде қалып қойған тұлғалардың бірі. Себебі біздің студенттеріміз осы екі университеттің негізін қалаған қайраткерлердің сонау қиын-қыстау уақытта өмір сүргенін, қаншама қажырлы еңбек етіп, ұлттық мінез көрсеткенін білмей, еліміздің білімі мен медицинасына үлес қоса алмайды. Сондықтан мұндай игі іс-шара жастарымызға рух беріп, өнеге болуы керек. Заманның қиын уақытында пассионар тұлғалар осындай ірі университеттерді құрып, ғасырлап өмір сүретін деңгейге жеткізді. Бүгінгі шара асылдың сынығы, тектінің ұрпағына сый-құрмет және еліміздің білімі мен ғылымына қолдау ретіндегі бастамалардың бірі саналады. Жастарымыз осы қасиетті жерге келіп, арыстардың рухына тағзым етіп тұруы қажет. Алдағы уақытта санжартану оқуларын өткіземіз. Университетімізде ұлы тұлғаның 135 жылдығына орай халықаралық деңгейде айтыс ұйымдастырылады», - деді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақау.

Қазақ медицинасының дамуына орасан үлес қосқан Санжар Асфендиярұлының өмір жолы мен еңбегін Жаңалық ауылының ақсақалы Қияқбай Төртбаев, қоғам қайраткерлері мен университет түлектері Өмірғали Кенжебек, профессор Ерасыл Әбілқасымов тілге тиек етті.

Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінде Асфендиярұлының көрмесі ұйымдастырылып, онда қойылған заттар көпшілікке таныстырылды.

Болат ЖҰМЫНҰЛЫ

Атап айтқанда, кейінгі 3 жылда дарынды, жоғары ынталы талапкерлерді тарту мақсатында Абай университеті Алматы қаласының 31 мектебінде 42 педагогикалық сынып ашып, жалпы саны 588 оқушыны қамтыды. Бұдан бөлек, 29 мектепте біздің университеттің кафедра филиалдары ашылып, кәсіби бағдарлау бойынша тиянақты жұмыс жүргізілді. Осы тұста «Кәсіби бағдар беру» бағдарламасын магистрлік деңгейде енгізуді жоспарлап отырмыз.

Жоғарыда айтылған жобалар педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды тарту міндетінің жартылай шешімі ғана. Ең үлкен сынақ - қабылдау науқанында талапкердің білімін ғана емес, оның болашақ мұғалім болуға бейімін бағалау.

Мәселен, жақында енген «Арнайы педагогикалық-психологиялық тест» көп жағдайда формалды түрде өтеді. Оған екі себеп бар: біріншіден, емтиханның нәтижесі Ұлттық бірыңғай тест бағамына кірмейді, сол үшін оның ешқандай сыни салмағы жоқ; екіншіден, емтиханның

дәріу. Демек университеттеріміз, ең алдымен, білікті педагогтерді даярлауда нарық қажеттілігін ескере отырып, сапа мен тәжірибеге сүйенгені абзал.

Мәселен, осы бағытта бір ғана Абай университеті 150-ден астам орта білім ұйымдарымен меморандумға отырып, жыл сайын тек қана бітіруші курстың өзінен 2,5 мыңнан астам студентті тәжірибеге жібереді. Ал республика деңгейінде олардың ұзын саны тек бітіруші курс бойынша 50 мыңнан асады. Біз үшін университет студенттерінің шынайы тағалымдамасы маңызды.

Сондықтан осы бағытта тиімділікті арттыру үшін Абай университеті педагог-мамандар даярлауға құқы бар барлық университетті және жергілікті әкімдіктердегі білім басқармалары жанындағы әдістемелік кабинеттер мен мектеп басшыларын бірлесе отырып педагогикалық тәжірибенің жаңа моделін пысықтауға шақырады.

Бұл кәсіби тәжірибе өтудегі тәртіп мәселесіне ғана қатысты емес.

құрылым «Education Management School» деген атпен қайта ашылды. Мақсат - мектеп мұғалімдерін ғана емес, мектеп басшыларын да қайта даярлау курстарына тарту. Бұл жұмысты өңірлердегі білім басқармаларымен жүйелі арнаға шығару. Мысалы, бұл жұмыс Түркістан мен Жетісу облыстарында жүйелі жолға қойылды. 2022-2023 оқу жылында педагогтік қайта даярлаудан небәрі 76 тыңдаушы өтсе, 2023-2024 оқу жылында бұл көрсеткіш 209 адамға жетті. Оның ішінде сертификат алғандары - 163. Ал 46 тыңдаушы педагогикалық практикадан өтіп жатыр. Бұдан бөлек, биылғы оқу жылының алғашқы легіне 65 тыңдаушы қабылданды. Алда тағы да бірнеше лек жоспарланған.

Бұдан бөлек, аталған орталықтан кейінгі бір жылда 1082 оқытушы цифрлық сауаттылық, оқытудың инновациялық әдістері мен кәсіби шеберлік, инклюзивті білім курстары бойынша біліктілігін арттырды.

Өкінішке қарай, педагогтерді қайта даярлау бағдарламаларының

## МҰҒАЛІМ САПАСЫН АРТТЫРАТЫН МҮМКІНДІК

методологиялық мазмұны ортақ бағалау шкаласымен сәйкеспейді.

Сондықтан біздің ұсыныс - «Арнайы педагогикалық-психологиялық тестін» педагогикалық мамандыққа түсуші талапкерлердің білімін бағалау жүйесіне енгізіп, Ұлттық тестілеу орталығы арқылы жүргізу мүмкіндігін қарастырған жөн. Ал оған дейін Оқу әдістемелік бірлестіктерде арнайы жұмыс тобын құрып, осы тесті өткізудің форматы мен мазмұнын жетілдіру жұмыстарын жүргізу керек.

Бұл жерде басты мақсат - мұғалімдікке келетін балаларды менталды әрі кәсіби електен өткізумен бірге, жалпы жоғары педагогикалық білім сапасын арттыру. Өйткені қазір министрліктің қолдауымен университеттер жүргізіп отырған жаңа академиялық саясаттың, жаңартылған оқу-методикалық үрдістердің нәтижелі болуы көбіне білім алушылардың сапасына тікелей байланысты.

Атап айтсақ, қазір барлық дерлік педагогикалық университеттерде дүниежүзілік банк қаржыландырған «Педагогикалық әлеуетті күшейту» жобасы аясындағы 30 инновациялық білім бағдарламасы, болашақ мұғалімдердің цифрлық дағдыларын қалыптастыру үшін «Жасанды интеллект негіздері» курсы, педагогикалық үдерісті зерделейтін «Іс-әрекеттегі зерттеу» (Lesson Study) және «Білім берудегі деректерді зерттеу және талдау әдістері» (Action Research) пәндерін енгізу басталды. Университет ғалымдары дидактикалық материалдарды қолдана отырып, авторлық бағдарламалар ұсынады. «Білім берудегі критериялды бағалау», «Сыныпты басқару» сияқты курстарды оқыту тәсілдері қолға алынды. Орта білім жүйесінде бұл әдістер қазірдің өзінде кең қолданыста. Бірақ мектепке барған түлектеріміз де, тағлымдамашы соңғы курс студенттері де осы бағалау әдістерін жетік меңгермегенін байқаймыз.

Осының бәрін қабылдау үшін, ең алдымен, қабілет жерек, содан соң мұғалімдік жолдың қыр-сырын бар ынтамен қабылдауға даяр жүрек керек. Сондықтан нақты Абай университеті алдына қойып отырған - саннан сапаға көшу арқылы академиялық басымдық орталығына айналу амбициялық міндетін осындай мәселені шешуден бастаған жөн деп есептейміз.

Екінші мәселе - университеттердегі оқу үдерісінің тәжірибеге негізделуі. Әрине, бұл ретте педагогикалық университет үшін ең маңызды бағыт - мектеп-колледждермен үздіксіз байланыс.

Қазіргі таңда бүкіл республикада педагог мамандығы бойынша 180 мыңнан аса білім алушы оқып жатыр.

Бұл дегеніміз - ел Президенті атап өткендей, «жоғары оқу орындары тек қана білімді жастарды тартып қана қоймай, олардың білімін одан әрі шыңдайтын педагогтерімізді озық тәжірибемен толық қарулан-

Мотивацияның маңызы зор. Айталық, қазір Абай университеті «Erasmus+» бағдарламасы аясында жүргізілген «Kazduab» жобасының нәтижесінде дуалды оқыту технологиясының моделін әзірледі. Осы формат Алматы қаласындағы 19 мектепте тәжірибеден өтіп жатыр. Оның 11-і мемлекеттік мектеп болса, 8-і жекеменшік мектеп.

Яғни бұл үрдістің студенттердің академиялық және кәсіби дағдыларының қалыптасуына ықпалы жоғары. Жекеменшік мектептер осыны жақсы түсініп отыр. Осыған орай дуалды оқытуды мемлекеттік орта білім ұйымдарына кеңінен масштабтауды ұсынамыз.

Үшінші мәселе - мектеп-колледж бен университеттің арасындағы ғылыми-методикалық ықпалдастық.

Қазір Абай университетінің мектептерде құрылған филиалдары арқылы профессорлар оқушыларды ғылыми жобаларға тартып, іргелі зерттеулерге, пән олимпиадаларына зерттеудің әдіснамасын меңгеруге тартып отыр. Осының аясында шебер-педагогтерді үйлестіру мен мектеп мұғалімдерімен тренинг-семинарлар өткізуге, дипломдық, жобалық жұмысқа жетекшілік етуіне көңіл бөліп келеміз.

Ал енді колледждерге келсек, осы жылы университет 4 колледжбен меморандумға қол қойып, университеттік білім беру бағдарламалары мен педагогикалық колледждердің мазмұнын үйлестіру жұмысын бастап кетті (Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі, Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжі, Алматы көпсалалы колледжі, Есік гуманитарлық экономикалық колледжі). Бұл жерде де мәселе өте көп, соның бірі - колледж деңгейінде алынған студенттердің оқу жетістіктерін жоғары оқу орнында тану механизмдері жаңа тұрғыдан қарастырылмақ. Оның ішінде тіп-бағдарламалар және микробіліктіліктер ұсынылатын болады.

Десе де, педагогикалық ғылымның ұзақмерзімді жүйесін және тұрақты ғылыми мектебін қалыптастыру үшін бұл мәселеге біз тереңірек үңілу керекпіз.

Атап айтқанда, бакалавриат-магистратура-докторантура білім бағдарламаларының сабақтастығын сақтай отырып, докторанттар зерттеулері педагогика саласының өзекті мәселелерімен үндес болу керек. Осы ретте педагогикалық білім бағытындағы докторанттар білім беру ұйымдарында үш семестрден кем емес мерзімде зерттеу жүргізуі міндеттелуге тиіс деп есептейміз.

Төртінші мәселе - үздіксіз білім беру жүйесін жетілдіріп, кеңейту жолдары.

Абай университетінде мұғалімдерді қайта даярлау орталығы бұрыннан бар. 2023-2024 оқу жылында оның құзыреті кеңейтіліп, бұл

сабақтас пәндері бойынша қосымша біліктілік алу мәселесі заңнамалық тұрғыдан шешімін таппаған. Мысалы, химия пәнінің мұғалімі биология пәні бойынша қайта даярлау курсынан өтіп, жаңа біліктілік алуын заңдастыру қажет.

Осы орайда жалпы біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын бір жағынан, барлық педагогикалық университет, екінші жағынан, Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, «Өрлеу» орталығы және Назарбаев зияткерлік мектептерімен бірлесе отырып әзірлесе деген ұсыныс бар. Бұл ортақ іс болғандықтан, әріптестік негізде Консультативтік кеңес құрып, еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындары Оқу-әдістемелік бірлестіктерін белсенді қатысуға шақырамыз.

Тағы бір мәселеге тоқтала кетсек. Әңгіме үздіксіз білімді қамтамасыз ету және заманауи білім технологияларын енгізу, жетекші ғалымдар мен педагогтердің озық тәжірибесін апробациядан өткізу мақсатында педагогикалық университеттердің жанынан мектеп-колледж мекемелерін ашу туралы.

Жалпы, бұл оқу үдерісін тәжірибеге негіздеп, университеттердің өндірістік базасын қалыптастырып қана қоймай, жоғары педагогикалық білім мен орта және арнаулы оқу орындарында стандарттарды үйлестіруге мүмкіндік береді.

Әрине, мұндай тетікті енгізудің түрлі жолы бар. Мәселен, ол университеттің толық меншігіндегі ақылы мектеп-колледж немесе мемлекеттік орта және арнаулы білім мекемесін сенімгерлік басқару арқылы жүргізілетін құрылым болуы мүмкін. Абай университеті өз тарапынан бұл екі жолды да қарастырып жатыр. Атап айтқанда, бұндай бастамалар бір жағы - кейбір өңірлердің білім басқармалары тарапынан қолдау тапса, екінші жағы - Аустриядағы Тироль университеті мектебінің үлгісінде коммерциялық жоба ретінде енгізу мүмкіндігі бар.

Түптеп келгенде, педагогикалық білім мазмұны ұлттық құндылыққа бағытталған оқу үдерісін сауатты әрі тиімді ұйымдастыруды талап етеді. Бұл - ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш ағартушыларының ерте бастан аңсаған асыл арманы. Ендеше, педагогикалық білім саласының алға қойған міндеттері мен жоғарыдағы ұсыныстар жаңа буын мұғалімдерін даярлаудың икемді жүйесін құруға және білікті ұстаз даярлау сапасын арттыруға үлес қосады деп сенеміз.

«Егемен Қазақстан»,  
31 қазан 2024 жыл

### КӘСІБИ МЕРЕКЕ

## КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ

Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми кітапханасында 24 қазан - Кітапханашылар күніне орай мерекелік салтанатты іс-шара өтті. Шараға Абай университетінің зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан, профессор-оқытушылар құрамы, кітапханашылар және студенттер қатысты. Шарада кітапханашылардың жыл бойы атқарылған жұмыстары жөнінде дайындалған бейнеролик, ұйымдастырылды.

Шара Ғылыми кітапхана директоры Нұргүл Имансыдықованың баяндамасымен жалғасын тапты. Ол өз баяндамасында қазіргі кітапхананың жай-күйі туралы жан-жақты баяндады. Сондай іс-шара барысында жыл бойында айырықша еңбегімен көзге түскен кітапхана мамандары ҚР Кітапханашылар одағының «Қазақстанның құрметті



«Альманах», «Лантар Books», «Alash Book», «Kemel» сынды кітап баспаларының жәрмеңкесі өткізіліп, bookcrossing және жаңа түскен басылымдар көрмесі, педагогикалық ұжымның еңбектері көпшілік назарына ұсынылды. Іс-шара аясында Абай университеті шығыс филологиясы және аударма кафедрасының аға оқытушысы Рая Оразбаеваның «Араб тілінің практикалық курсы» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Сондай-ақ педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Бағдат Қосановпен кездесу-бенефисі өткізілді. Бағдат Қосанов студенттер мен қатысушыларға өзінің ғылымдағы, мансап жолындағы қызықтары мен ерекше есте қалатын сәттері туралы баяндап берді. Іс-шара барысында «Альманах» баспа үйінің электрондық кітапхана жүйесі» вебинар

кітапханашысы, «Ардагер кітапханашы» төсбелгісімен, «Алғым хаттармен» және университеттің «Құрмет грамоталарымен», «Жыл маманы», «Айрықша еңбектері үшін», «Жас маман» сертификаттарымен марапаттады. Мерекелік шарада кітапхана оқырмандары да марапатсыз қалған жоқ. Олар Абай университеті Ғылыми кітапханасы атынан «Кітапхана жанашыры», «Жыл авторы», «Құрметті оқырман», «Үздік оқырман» номинациялары бойынша марапатталды. Шара соңы Филология, Өнер, Физика, математика және информатика, Жаратылыстану және география факультеттері студенттерінің дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты.

Ақерке ЫСҚАҚ

### ІС-ШАРА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Мансап орталығы мен «Teach for Qazaqstan» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен студенттерге ерекше шабыт сыйлаған ашық дәріс өтті. «Білім саласында қалай жақсы табыс табуға болады?» тақырыбында өткен кездесу білім мен табыстың алтын кілтін іздеген әрбір жастың жүрегінде жаңа үміт отын жақты.

## БІЛІМ САЛАСЫНДА ҚАЛАЙ ТАБЫС ТАБУҒА БОЛАДЫ?



Іс-шарада спикер - танымал математик, «Пифагор» қосымша білім беру мектебінің негізін қалаушы, халықаралық олимпиадалар жеңімпазы әрі «Қазақстанның 100 жаңа есімі» иегері Асан Жолдасов өзінің табысқа жету жолын ашып көрсетіп, білім беру саласындағы шексіз мүмкіндіктердің сырын ашты. Ол қарапайым ұстаздықтан қалай табысты кәсіпкер болуға болатынын, білімді ақшаға емес, арманға айналдыру жолдарын нақты мысалдармен түсіндіріп берді. Асан Жолдасов тек табысты болу үшін ғана емес, үлкен мақсаты бар тұлға ретінде жетістікке жету жолында қандай қасиеттерді дамыту керектігін де терең талдады. Бұл тек білім беру емес, өмірді өзгертуге арналған қадам болды.

Осы әсерлі шарада 4-ші курс студенттері ерекше белсенділік танытты. Олар пікірталасқа қатысып, спикерге сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісті. Сондай-ақ студенттер белсенділігі мен шығармашылық көзқарастарының арқасында ұйымдастырушылар тарапынан арнайы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар «Teach for Qazaqstan» қоры өзінің болашақ мұғалімдерге арналған бірегей бағдарламасын таныстырып, жас мамандарға мансап жолындағы алғашқы берік қадамдарын жасауға мүмкіндік берді.

Дәріс студенттердің кәсіби арманын жаңа деңгейге көтеріп, олардың болашаққа деген сенімін нығайтты. Орындалмайтын арман болмайтыны, тек оған қалай жету керектігін білу маңызды екені осы кездесуде тағы бір рет дәлелденді. Шара болашақ педагогтарды жаңа биіктерге жетелейтін нағыз шабыт көзі болды!

Арайлым БАЙДӘУЛЕТҚЫЗЫ

# ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙ

"Жақсыда жаттық жоқ, ол жалпыға бірдей, әлемге ортақ ай мен күндей! Осы бір халқымыздың даналық сөзі: -Қазақстан білім беру жүйесінде, Алматы шет тілдер педагогикалық институтының оқытушысы (1977-1989); С.Киров атындағы ҚазМУ доценті (1989-1991); Абай атындағы ҚазҰПУ-де проректор (1991-1993); «Қазіргі қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (1996-2019); "Латын"ғылыми-практикалық орталығының директоры; ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі (2013); Қазіргі таңда да Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессор-зерттеуші лауазымында жұмыс істейтін, мыңдаған шәкіртіне білім шырағын ұстатқан, ұстаз деген мәртебелі ұлы мамандықтың кәсіби шебері, отандық ғылымды, қазақ тіл білімі саласын дамытуда өзіндік қолтаңбасы бар, жеткен жетістіктері ұшан-теңіз, шоқ жұлдыздардың арасында дара тұлға боп жанған, ғылым мен ұстаздықтың туын қатар ұстап, өзінің саналы өмірін жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арнап, еңбегімен ел алғысына, шәкірт құрметіне бөленіп келе жатқан, бүгінде 75 мерейлі жасқа толған академик Фаузия Шамсиқызы Оразбаева ұстазымының азаматтық, адамдық жарқын бейнесін сипаттап көрсеткендей...



Ұлылықты тануда даралық бар. Мен Фаузия Шамсиқызының шәкірті, кейін, Абай атындағы ҚазҰПУ Мемлекеттік тіл кафедрасының доценті лауазымында қызмет атқарған әріптесі ретінде ұстазымды әрдайым құрмет тұтамын, мақтан етемін. Табиғатынан жаны жақсылыққа құмар, ізденуден жалықпайтын, ізгілік пен адамгершілікті өмірдің мәні санайтын тәжірибелі педагог, білікті тәлімгер, айтары мол, белгілі ғалым, қадірлі әріптес Фаузия Шамсиқызының білімдегі, ғылымдағы болмысын, даралық қасиеттерін саралап, көңіл көкжиегіндегі көркем ойыммен танытқым келді. Болам, толам деген адам алдына мақсат қояды. Поэзия пайғамбары— Абайдың "Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсенсің" деген қасиетті қағидасы — мендей шәкірттерін, ілім әлеміне жетеледі, Фаузия Шамсиқызы өзіне ерте білді, еңбек жолы да үлгі-өнеге болды, өйткені адамды танығып келсе, атқарған еңбегіне қара деген де бар. Шәкірт жүрегі кішкентай күйсандық. Ол сандықтың кілтің тапсаң ғана ашылады. Сол кілт ұстаздардың қолында үнемі жүруі керек. Шәкірттер жүрегінен орын алған, мейібан ұлағатты ұстаз-ғалым Фаузия Шамсиқызы менің «ұлық тұтқан асқар биіктігім», деп білем. Фаузия Шамсиқызының биік парасаты мен еліне сіңірген еңбегінің еленіп ұлықталуына, мерей тойларының салтанатты түрде аталып өтуіне, есімінің жаңғырып ардақталуына ізгі тілектерін жолдар шәкірттері қашанда қуаныштымыз және әбден лайықты деп есептейміз. Тіл сырына терең үңілген, зерделі ғалымды құрметке бөлеген Абайша айтқанда: талап, еңбек, терең ой екені даусыз. Талаптанды ғалым болды, еңбектенді, ұлағатты ұстаз атанды, ал, терең ой оны ғылымның қыр-сырын ашуға жетеледі. Ұстаз-ғалымның тілтанымдағы және педагогикалық әдіснамалық іліміндегі тың ізденістері, шығармашылығы үшін, шәкірт тәрбиесіндегі адал, ерен еңбегі үшін мемлекеттік марапаттар беріліп, төс белгілер тағылды. Атап айтқанда, "Ерен еңбегі үшін" медалі, ҚР ЖОО белгілі ғалымы және педагогы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР ЖОО Үздік оқытушысы" мемлекеттік грантының екі мәрте иегері, Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» ордені, т. б. Міне, менің ұстазым осындай, керемет, асыл адам! Ұлы Мұхтар Әуезов "Мен адамдарды екі түрге бөлемін дейді. Олардың бірі айналасына нұр шашып, екінші біреулері түн-түнек орнатып жүреді," - деген екен. Ендеше, жаны жайсаң, жұмсақ көркем мінезді, нәзік биязы дауысты, пейілі кең, жаны да келбеті де сұлу жан, адами болмысы гуманизмге толы, іскер, шығармашыл, жаңашыл әдіскер, шебер ұйымдастырушы басшы Фаузия Шамсиқызы әркез айналасына сәулесін шашып, шуағын төгіп, нұрландырып жүретін, шәкірттеріне тіліміздің киелі есігін аша білген, ойлы, байыппен сөйлейтін сөздерімен баурап латын, таусылмас терең білімді дарытқан, қазіргі күнге дейін ақыл-кеңесін аямай, өзі баулыған шәкірттерінің бағындырған белестері мен жеткен жетістіктеріне қуанып, әрқашан қасымыздан табылатын дара тұлға. Профессор Фаузия Шамсиқызы қазақ тіл білімінің іргелі мәселелеріне, тілдік салалары, грамматикасы, қазақ тілін оқыту және

Шамсиқызы сөз алып, "Қазақ тілі ұлтымыздың гендерлік коды" тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Академия ғалымдарының ғылыми тұжырымдарымен "Ұлттық құндылықтар тұжырымдамасы", "Құндылықтар топтамасы" жасақталды. Білім тетігі - білімді ұрпақ тәрбиелеудің негізі, маңызды, тәлімі зор құндылық. Халқымызда «Бір жылға жоспар құрсаң - егін ек, жүз жылға жоспар құрсаң - ағаш ек, ал мәңгілік мұратты көздесең - ұрпақ тәрбиеле», - деген ғибратты сөз бар. Өз тарихын терең ұғынып, ұлттық құндылықтарын шын бағалай білетін халықтың ғана болашағы маңғ болмақ. Ұлттық құндылықтарды ұлт болашағының дңіргеі ету-мемлекеттік идеологияның басты өзегі болмақ. Профессор Фаузия Шамсиқызы мінбеден алған сөзінде «Академия ғалымдары жас ұрпаққа ұлттық құндылықтар жүйесін, дүние негіздерін, ұлтты ұлт етіп сақтайтын қасиеттер жиынтығы - ұлттық тәрбиені білімде, ғылымда танытуда, халықтық педагогикамен нәрлендіру үрдісін рухани жаңғыртуды еңселі еліміздің өсіп-өркендеуі, биікке самғап, қанат жануы үшін ауадай қажет екеніне» тоқталып өтті. Ғалым өз зерттеулерінде этноұғымдық ұлттық дүниетанымдық көрініске үлкен мән береді, лексикалық қордың көлемді бөлігін қамтитын қоғамдық ойтанымының тарихи сипатына үңіле отырып, лексемалардың үйлесімділігіне дәлелді оң талдаулар жасаған.

Фаузия Шамсиқызының қазақ тілін оқыту, меңгерту бағытында теориялық зерттеулері мен әдістемелік ілімнің зерделу нәтижесіне негіздел жазылған шоқтығы биік 600 жарияланым, (13 монография, 9 білім стандарты, 45 оқу бағдарламасы, 82 оқулық, 168 оқу әдістемелік құрал, 187 ғылыми мақала, Скопус-15, хирша-3) баспадан шыққан ғылыми—әдістемелік еңбектерінің өзі бір төбе. Бүгінде білім алушылар, тіл үйренушілер үшін құнды еңбектер санатындағы: "Қазіргі қазақ тілі , Қазақ тілін оқыту әдістемесі", "Мемлекеттік тілдері іс қағаздар" (2005), "Тілдік қатынас" (2006), "Академиялық грамматика", "Қазақ тілі" (колледждің орыс бөлімдеріне арналған оқу құралы (2008), кәсіптік лицейлерге арналған "Қазақ тілі" т.б оқулықтары мен оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтары ашық қолжетімді ресурстар болып табылады. Сондықтан, Қазақ тіл білімі ғылымындағы "Фаузия кеңістігі" көп салалы сипатқа ие, дейміз. Өйткені, Фаузия Шамсиқызы қос ғылымды ұштастырған ғалым: Филология ғылымдарының кандидаты (1979); доцент (1982). Педагогика ғылымдарының докторы (1996); Профессор (1999). Пофессор. Сондай-ақ, оның Тіл білімі мен оны оқыту салаларына арналған зерттеу жұмыстары еліміздің ғылыми және педагогикалық зерттеу орталықтарында, шет елдерде (Ресей, АҚШ, Прага, Қытай, Ұлыбритания, Болгария, Греция, Германия, Түркия, т.б) көпшіліктің назарын аударды. Профессор басшылық қызметін атқара отырып, жас мамандардың шеберліктерін шыңдауға, әдістемелік біліктіліктерін көтеруге, жас ғалымдарды даярлауда аянбай еңбек етіп келеді.

Бұл күнде Фаузия Шамсиқызының ғылыми жетекшілігімен қорғаған 40 ғылым кандидаты, 11 ғылым докторы, 4 PhD докторы еліміздің әр өңірінде білім саласында, ғылыми мекемелерде қызмет атқаруда. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез, деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрселермен озады ғой демектің бәрі бекер" деп, ұлы Абай айтқан түйін сөз де ғалым-педагог Фаузия Шамсиқызына арналғандай. Қазақ тіл білімінде өзінің сұрлеу-соқпағын қалыптастырған ұстазымды туған күнімен, әдемі жеткен жасымен, той салтанатымен құттықтап, шалқар шабыт, шығармашылық табыс, мерекелі-берекелі ғұмыр тілеймін. Ғылым, білім төрінде жаңа тың идеяларды дүниеге әкелетін шығарымпаздық қаламыңыз үшала берсін! «Ізгілік үздікпейді, қартаймайды, үмір ұзақ, атағы ортаймайды» (Ж. Баласағұн. даналық түйінімен түйіндесек, академик Фаузия Шамсиқызы қазақтың парасатты, біртуар, бірегей ғалымы, еңбекқор ұстазы бүгінде шабытты шағында. Ғылыми мектебіңізді шыңдап, келелі, іргелі зерттеулермен болашақ ұрпақты қуанта беріңіз дегім келеді.

**Жаннат МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ,**  
Ұлттық құндылықтар академиясы «Атырау» филиалының жетекшісі

## ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАРЫ



Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық факультеті академик Т.С.Садықов атындағы жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен «Тарихи білім берудегі оқыту әдістемесінің заманауи зерттеулеріндегі жаңашылдық мәселелері» тақырыбында республикалық оқу-әдістемелік семинары өтті. Семинар жұмысы ЖОО профессор-оқытушылары мен орта мектеп мұғалімдерінің зерттеу инновациялық қызметтері бойынша тәжірибе алмасу мақсатында өткізілді.

Іс-шараға қатысқан ЖОО профессор-оқытушылары мен орта мектеп мұғалімдері қазіргі таңдағы заман талабына сай атқарылып жатқан жұмыстарымен таныстырып, әр тарап өз әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Семинар барысында Ж. Нұрманбетқызы, Б.Әбдіғұлова, Ж. Кирбаева, Г. Рашева, Р. Сейтказиев баяндама жасады.

Шараға республика бойынша қатысқан орта мектептің әдіскер-мұғалімдері Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы №12 жалпы білім беретін мектептің тарих пәнінің мұғалімі А.Коржумбаев, тарихшылар А. Азербайбаева, Р. Тулеуова, А. Төлебаева, А. Өтеулиева өздерінің зерттеулері мен жобалық әдістерін таныстырды.

Республикалық ғылыми - практикалық семинар академик Т.С. Садықов атындағы жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Мұхтар Муратқазиннің басшылығымен өткізілді.

### ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!

#### ОЛИМПИАДАДА АЛДЫҢҒЫ ОРЫННАН КӨРІНДІ



Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «6B013-Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді дайындау» бағыты бойынша «Болашақ табысты ұстаз - ұлт кепілі» тақырыбында XV республикалық пәндік олимпиада өтті. Онда еліміздің түкпір-түкпірінен келген 17 команда бақ сынасты.

Олимпиадаға Абай университеті атынан «Абай STARS» тобы қатысып, командалық есеп бойынша 1 орынды иеленді. Сондай-ақ «Абай STARS» тобы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің басқарма төрағасы-ректоры Мұхтар Төлегеннің арнайы дипломымен марапатталды.

Топ жетекшісі: «Бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, PhD Жұмаш Жанар.

Әзіл

Екі студент көздесіп қалады. Біріншісі екіншісінен: - Қайда асығып барғаныңды білмейсің? - Емтиханға! - Емтиханның қай пәнімен? - Барғасын айтады ғой...

<p><b>АБАЙ</b> <b>UNIVERSITY</b></p> <p>МЕНШІК НЕСІ: АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p><b>Бас редактор</b> Болат ШАРАХЫМБАЙ</p> <p><b>Көркемдеуші-дизайнер</b> Нұрбол ЖЕТПЕНОВ</p> <p><b>Акерке ЫСҚАҚ</b> фототілші</p> <p><b>Серік ИМАНҚҰЛОВ</b></p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме.</p> <p>Байланыс тел.: +7 (727) 291-37-56</p> <p>Газет бүкіл республикаға тарайды.</p>	<p>Тапсырыс № 224 Индекс 65285 Таралымы 1000</p> <p>• Автордың мақалалары редакция қозғарсын білдірмейді.</p> <p>• Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.</p>	<p>«ҰЛАҒАТ» баспасының баспаханасында басылды</p> <p><b>Баспа директоры</b> Танат ӘЛНАСҚАРОВ</p> <p><b>Баспаның мекен-жайы:</b> 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.</p>
--	---	---	--	---